# СЫНЫП ЖЕТЕКШІ ПОРТФОЛИОСЫ

# Портфолио мазмұны

Сынып жетекші туралы мәлімет

Сынып туралы мәлімет

Нормативтік құжаттар

Тәрбие жоспары

Тәрбие бағыттары

Тәрбие сағаттары

Сынып оқушыларының тізімі

Сыныптың әлеуметтік жағдайы

Сынып жетістіктері туралы мәлімет

Ата-аналары туралы мәлімет

# Сынып жетекші туралы мәлімет

# Сынып жетекші туралы мәлімет

**Аты-жөні:**

**Касымова Сандигуль Акылбекқызы**

**Туған жылы:**

**22.10.1990 жыл**

**Білімі, оқу орны: Жоғары**

**Жәңгірхан атындағы БҚАТУ.**

**Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті**

**Қызметі:**

**Информатика пәні мұғалімі**

# Мақсатым:

**Оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру**

# Міндеттерім:

- **Мектептің қоғамдық өміріне тікелей қатысу;**
- **Бала тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік, құқықтық, салауаттылық, кәсіби бағытта ықпалдықтар жасау;**
- **Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушыларға қол ұшын беру;**
- **Оқу-тәрбие үрдісінде демеушілік көмек көрсету;**
- **Мектептің қоғамдық белсенділігін арттыру;**



**Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейтесті болып табылады. Оқушыларды Отанды, туған жерді, халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы.**

**Н.Ә. Назарбаев**

# Сынып туралы мәлімет

**Сынып – ұйымдасқан ұжым. Ол жастары қатарлас ұл қыздардан құралған. М.Абдулов атындағы НЖББ мектебінің 3 сыныбында 3 оқушы бар. 2 ұл, 1 қыз бала. Әлеуметтік көмек алатын отбасылар қатарына жататын оқуевшылар: Жаксыгалиев Н.Б. Таупен Н.Ғ.– аз қамтылған отбасы.**

**Сынып оқушылары өте өнерлі, білімге құштар, жан – жақты. Сынып оқушылары үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі. 1 үздік, 1 екпіндісі бар. Сыныпта спортқа, сурет өнеріне, музыкаға бейім оқушылар көп. Оқушыларым мектептен тыс үйірмелерге қатысады. Оқушылар сыныптағы бөлініп берілген қызметтерін ыждағаттылықпен атқарып, балаларға өз көмектерін беріп жүреді.**

**«Баланы сүйсең, тәрбиесін сүй», демекші мектепте, сыныпта өтетін, қайырымдылық шараларына оқушылармен қоса, ата – аналар да белсене араласады.**

**Ата – аналар өзара ұйымшыл, бір – бірімен тығыз байланыста жұмыстана біледі.**

**Бала тәрбиесіне атүсті қарамай, мектеп, ата – ана, мұғалім үштағанын үнемі жетілдіріп отырады.**

**Сынып жетекшісі:** ***С.А.Касымова***

# Сынып жетекшісінің жылдық жұмыс циклограммасы

## Күнделікті атқаратын қызметі

1. Сабаққа кешігіп келген, немесе сабаққа келмей қалған оқушының себебін анықтау;
2. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру;
3. Сыныпта кезекшілік ұйымдастыру;
4. Оқушылармен жеке-дара жұмыс.

## Апта сайынғы жұмысы

1. Оқушының күнделігін тексеру;
2. Сыныппен жоспар бойынша іс-шара өткізу;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Пән мұғалімдерімен жұмыс;
5. Оқушылардың ауырғаны туралы анықтамасын жинақтау.

## Ай сайынғы жұмысы

1. Өз сыныбындағы сабақтарға қатысу;
2. Мектеп психологымен кездесу;
3. Ата-аналар комитетімен кездесу;
4. Тәрбие жұмысы бойынша жиналыстарға қатысу.

## Тоқсан сайынғы жұмысы

1. Сынып журналын толықтыру;
2. Сынып жетекшілерінің семинарына қатысу;
3. Тоқсан сайын тәрбие жұмысын қорытындылау жаңа тоқсанға жоспарды толықтыру;
4. Ата-аналар жиналысын өткізу.

## Жылына өткізілетін шаралар

1. Ашық іс-шара өткізу;
2. Оқушының жеке құжаттарын толтыру;
3. Сынып жұмысының жоспарын талдау;
4. Сыныптың статикалық көрсеткіші.

# Ата –аналар туралы мәлімет

## 2018-2019 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің құрамы

| № | Ата - ана | Атқаратын қызметі: |
|---|---|---|
| 1 | | *комитет төрайымы* |
| 2 | | *комитет мүшесі* |




Ата-аналармен жұмыс түрлері
Психологиялық-педагогикалық семинар
Жеке әңгіме
Біріккен мерекелер
Ата-аналар комитеті
Диспут
Ашық есік күні
Дөңгелек үстел
Семинар-практикум

# Сынып жетекшінің ата – аналармен жүргізетін ағарту жұмысының негізгі формалары.

1 қызмет

2 қызмет

3 қызмет

**Ата - ана, мектеп және сынып жетекшісі жұмысының қызметтері:**

4 қызмет

5 қызмет

**1 қызмет**

**Ата - аналарды оқу – тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстырады. Алғашқы ата-аналар жиналысында сынып жетекшісі өзі ата-аналарымен танысады және өзінің педагогикалық ұстанымдарымен таныстырады, өзінің болашақта жүргізетін жұмыстарының бағдарламасымен, мақсат, міндеттерімен және тәрбие жумысының жоспарымен таныстырады, өзекті мәселелерді бірігіп талқылайды.**

## Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне төмендегідей әрекеттер арқылы тартады:

- **балалар мен олардың ата-аналарының шығармашылығының күні ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар;**
- **мектеп пен сыныптың материалдық-техникалық базасын күшейту және сыныптан тыс іс- шаралар ұйымдастыруға көмек көрсету;**
- **шефтік көмек;**
- **ата-аналардың мектеп кеңесі жұмысына қатысуы.**

2
қызмет

## Ата-аналармен педагогикалық - психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру. Оны келесі әрекеттер арқылы іске асырады:

-  Тәрбиенің жекелеген мәселелері бойынша ата - аналарға арналған мектептік, сыныптық конференциялар ұйымдастыру;
-  қызығушылықтары негізінде ата-аналар лекторийлері: дарынды балалар, қиын балалар, педагогикалық кәсіпті таңдаған балалар, түрлі үйірмелерге қатысатын балалардың ата – аналары үшін деп бөліп өткізуге болады;
-  Сыныптық ағарту жұмыстары тәрбие міндеттеріне байланысты, оқушылар мен сынып ұжымын жүйелі зерттеу бойынша;
-  оны түрлі формада мәселелік кеңестер беру түрінде өткізуге болады.
-  Психологиялық, педагогикалық, медициналық, заң туралы кеңестер;
-  Тренингтер;
-  Ата-аналарға арналған әдебиеттерге шолу, көрмесін ұйымдастыру және оқырмандар конференциясын өткізу.

3
қызмет

## Ата-аналарды балалармен бірлескен әрекетке тарту. Оның формалары:

- сынып жетекшісі ұйымдастырған сыныптан тыс барлық әрекетке қатысу (жорық серуен, сенбіліктер, турнирлер.)
- жалпы мектептік дәстүрлі іс – шараларды ұйымдастыруға ата – аналарды қатыстыру (түлектер кештері, туристердің мектептік слеті, мектеп бітіру кештері, ардагерлермен кездесу, т.б.)
- республика және оның шегінен тыс алыс жорықтарға шығуды немесе дайындалуды ата – аналармен бірге жүргізу;
- оқырмандар конференциясы;
- - отбасылық ойын байқаулары.

**4 қызмет**

**Жекелеген оқушылардың отбасындағы тәрбиеге түзету жұмыстарын жүргізу. Алдымен отбасы тәрбиесін жүргізу бойынша психологиялық – педагогикалық кеңестер мен көмектер беру. Көп көңілді отбасындағы жиі кикілжің нәтижесінде психологиялық ахуалы ауыр және қиын бала өсіп келе жатқан отбасына бөлу керек.**

5
қызмет

## Ата-аналар белсенділері мен ата–аналардың қоғамдық ұйымдарымен өзара әрекет ету.

- Сынып жетекшісінің ата – аналармен жұмысының табысты не табыссыз болуы оның таңдаған ұстамына, қарым – қатынас стиліне, педагогикалық шеберлігі мен кәсіби құзырлығына байланысты болатынын ұмытпау керек.
- Сынып жетекшісі отбасын аралағанда келесі шарттарды сақтаған жөн:
- отбасына ескертпей келмеу;
- отбасында 5-10 минуттан артық болмау;
- отбасына келгенде әңгімені табалдырықта тұрып немесе сырт киіммен тұрып бастамау, егер ата - аналар қобалжып өздері айтпаса,әдеппен ғана ұсыныңыз.
- әңгімені әкімшілік - әміршілік сыңаймен жүргізуге болмайды;
- ата-ананы үйретпеңіз, тек кеңес беріңіз;
- негізінде әңгімені баланың көзінше оған да ата - анаға да өзіңізге де қолайсыз
  болмайтындай стилді таңдап алып жүргізгеніңіз дұрыс болмақ.
- сонымен қатар ата - аналарға тәрбие мәселесін талқылауга шақырған қағазбен бірге сол мәселеге қатысты жадынама жазып жіберу тиімді болмақ.
- Сынып жетекшісі отбасы — салыстырмалы түрде тәрбиенің тұйық институты, ал ата-аналардың, тәрбиелік күш қуаты мен мүмкіндігінің әр түрлі деңгейде болатынын ескеруі тиіс. Сондықтан ата-аналармен жұмыста да түрлі амалдар мен формаларды саралап қолдану керек.

# Ата-аналар жиналысының хаттамалары



# Нормативтік құжаттар


ҚР Конституциясы

# ҚР “Білім туралы” заңы




ҚР “Баланың
құқықтары туралы”
заңы

# Сыныптың тәрбие жұмыс жоспары

# Сынып оқушыларының тізімі

# Сыныптың әлеуметтік жағдайы

# Тәрбие сағаттары

# Сынып жетістіктері туралы мәлімет